

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

болсақ, қимылды басқа субъекті арқылы орындату мәні сол қалпында сақталып, сөйлемнің семантикалық құрылымы еш өзгеріссіз қалады.

Сонымен, етіс категориясының ерекше түрі болып табылатын өзгелік етіс қосымшалары морфологиялық синонимия жасауда айрықша қызмет атқарады. Өзгелік етіс қосымшалары етістіктің морфологиялық синоним модельдер жасайтын басқа тілдік көрсеткіштерінен мынадай белгілері арқылы ерекшеленеді: біріншіден, тек өзгелік етіс жұрнақтары өзара синоним модельдер құрай алады; екіншіден, өзгелік етіс қосымшалары етістікке жалаң не қабаттаса жалғанған күйінде, аралас жалғанған күйінде де синонимдес бола алады; үшіншіден, мәтін деңгейінде және одан тыс тұрып та мағыналық құрылымды еш өзгеріссіз сақтай алады. Өзгелік етіс қосымшалары – морфологиялық синонимияны қалыптастыруда оның негізгі тілдік заңдылықтары мен шарттарына толығымен сәйкес келетін басты грамматикалық көрсеткіштердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Серғалиев М. Синтаксистік зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 560 б.
2. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2011. – 828 б.
3. Қазақ грамматикасы: Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-ші басылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

ӘОЖ: 821.512.122:82.02

ГИ ДЕ МОПАССАН МЕН БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Қайратқызы Салтанат

Salta345kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор А.Үсен

Адам баласы пайда болған сонау әлімсақтан бері басталған ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас, байланыс, махаббат, құрмет пен ролдерінің мәні туралы тартысты талқылау, оны сөз ету ешқан таусылған емес. Әр заманда түрліше көрініс тауып, шешімікүні бүгінге дейін сан мәрте өзгерген ер мен әйел рөлі әр халықтың қоғамдық арнасы мен тұрмыс-тіршілігінде, салт – санасы мен мәдениет, өнерінде де өзіндік ерекшелігімен шешімін тауып келеді. Осы тартыста, қоғам дамуындағы әйел теңдігіне байланысты неше түрлі ұрандар, оқиғалар, ғылымда түрлі терминдер қалыптасты. Соның бірі көптен бергі ғылыми айналымдағы «гендерлік саясат» деп ұрандауға ұласқан «гендер» ұғымы.

Феминистік әдебиеттерде гендер ұғымының бірнеше концепциялары бар. Бұл гендерлік түсініктің, жалпы ұғымның кеш қалыптасуына байланысты болуы мүмкін. Олардың барлығының негізі жыныс(sex) пен гендер(gender) түсінігін ажыратудан басталады. Жыныс- бұл адамдардың анатомиялық- биологиялық ерекшеліктерін анықтайтын ұғым, яғни оның негізінде адамдарды еркек және әйел деп бөледі. Гендер – бұл өте күрделі әлеуметтік – мәдени құрылым, яғни қоғам қалыптастыратын еркектер мен әйелдер арасындағы ролдер, іс-әрекеттер, мінез- құлықтар, менталдық, сезімдік сипаттамалар. Осы жүйенің шеңберінде гендер ұғымы еркектер мен әйелдер арасындағы тұлғаралық байланысты, отбасындағы өзара іс – әрекетті ғана емес, қоғамның негізгі құрылымдары салаларындағы олардың әлеуметтік қатынастарын анықтайтын әлеуметтік байланыстардың ұйымдасқан үлгісі болып

табылады. Осылайша гендер басқа да әлеуметтік – демографиялық және мәдени сипаттамаларымен (нәсіл, тап, жас) қатар әлеуметтік жүйені құрайтын қоғамның әлеуметтік құрылымының негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Гендер әлеуметтенудің, еңбек бөлінісінің және қоғамда қалыптасқан белгілі бір мәдени нормалар, рольдер, стереотиптердің белгілі бір жүйесі арқылы қалыптасады. [1]

Енді осы гендерлік мәселе француз әдебиеті бен қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларында қалай көрініс тапты? Қандай ерекшелігімен, ол бізге не береді?, - деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Екі сөз шеберінде алып қарасақ небәрі 45 жылға жетпейтін ғұмыр кешіп, артында мол мұра қалдырып кеткен. Соның ішінде өмір шындығын қаз-қалпында беретін, өмір атты құрақтың бір бөлшегінен құрала кеткенде шындықты, өмірдің бүкіл қалтарыс-бұлтарысын сезіндірер, өз көзіңізбен көргендей әсер қалдыратын қысқа жанр шеберлері. Әдебиетіміздің проза саласында, әсіресе оның көркем әңгіме сияқты шағын жанрында Бейімбеттей көп еңбек еткен және реализмнің аса көркем шыңына жеткен жазушы жоқ десе де болғандай. Заманымыздың ұлы суреткері Мұхтар Әуезов: «Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым – қатынастары әрдайым нанымды болып шығады. Және бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады» - деп баға берген. Ал З. С. Кедрин: «Бейімбет үшін әдебиетте мынау ірі, мынау кіші жұмыс деген болмайтын, ол шығармаларды ең қажетті, керек нәрсе деп қана суыртпақтайтын» - деп жазушының бүкіл шығармаларының құнды екенін ескертеді. [2] Сол құнды шығармаларының арасынан әйелдер тағдыры, ондағы қоғамның алатын орны мен байланысын аша білген туындылары жетерлік.

Француз жазушысының да өзіндік айтар ойы мен ерекшелігі бар. Ол әйелдің өмірін әйелден артық суреттей білген Ги Де Мопассан. Ол тек әйелдерді ғана емес, әйелге қатысты мәселелерді ғана жазбаған, әйелдер арқылы елдің, халықтың, мемлекеттің мұң-мұқтажы мен нақты жай-күйін дер кезінде айта білген адам, әйтпесе әйел жайлы кім жазбайды, ал әйел жайлы жазғанның бәрі әйел өмірі мен қоғам өмірін Мопассонша байланыстыра бермеген, ол жазған әйелдер-қоғамның ауруы мен адамның соған бейімделуін өз өмірімен дәлелдеп беретін әйелдер. [3]

Мопассонның ел құлағын елең еткізген «Томпыш» повесі туралы айтар болсақ Элизабет Руссе атты жезөкше әйелдің француз – пруссия арасындағы соғыс уақытында басынан кешкен оқиғалары баяндалады. Томпыш - жол бойы қасында болған шіркеу қызметшылері, саудагерлер, ақсүйектер мен зиялылар арасындағы қарым – қатынаста сан түрлі образдар арқылы ашылған бейне. Жоғарғы таптың өкілі Луазо ханым мен Карре – Ламадон ханымдардың екі жүзділігімен қатар, бояма мәдениеттілігі адам жүрегін айнытар қылықтарымен өздерін басқаға үлгі, олардан өздерін жоғары қойып тұратын менмендігін автор Томпышпен салыстыра өтеді. Томпыш көбісі көзге шұқитын жезөкше. Бірақ оның бойында адамға деген құрмет, қиын шақта қол созу, еліне – жеріне қастық істеген жандарға деген жеккөрініш, адамға шынайы тілектес болу сияқты шынайы ниетімен өзгелердікін салыстыра келгенде бәрін түсінесің. Оның айналасындағы әйелдер ғана емес, ерлердің де өз тәнін сатқан жезөкшеден бұрын өз халқын, өз мемлекетін, өз ары мен принципін, уәдесі мен сөзін – бәрін сата беретін пайдакеш жезөкшелер екенін білесің. Оларға қарағанда Томпыштың әлдеқайда патриот, әлдеқайда принципшіл, әлдеқайда мейірбан екенін көресің. Шығармада жау солдаттарынан қашып, елін тастап кетіп бара жатқан опасыздар мен жан рахатын ғана ойлайтын байлардың обрызы бейнеленеді. Бас амандығын олаған байлар бағыт алған мекеніне жету үшін бәрі қаптап Томпышты неміс офицерінің қойнына итеріп, оның одан әрі арының тапталуына себепші болады. Осы тұстағы әйел жанының қиналысы адамды одан әрі тұңғыық ойға жетелейді. Қоғамдағы әйелдің ары мен намысының аяқ асты болуы сол ортадағы ер мен әйелдердің өз ары алдында жауап бере алмауы. Соның зардабын басқаға тартырып, оған өзі ұялмай, сезінбей, өзгені одан әрі келеке етуі болып табылады.

Өзіміздің классигіміз Б. Майлиннің «Бәйбіше байда.... тоқал қайда?» - деген шағын әңгімесінде сол заман бейнесі, билікке келген кедейден шыққан басшысымақтың билігі мен беделін оңға да, солға да тартып, адам намысы мен арын аяқ асты таптауы

бейнеленген. Автор ер адамның табиғатын **«Еркектің көңілі деген ем қонбайтын ұшқалақ көңіл ғой, оны көрсе, оны соқ, мұны көрсе, мұны соқ»**, - дей отырып бұрын көңілі суынған әйеліне қайтадан көңілі кеткен еркектің тоқалына : **«Мына бәйбішедей боп құлпырсаң, сосын саған бұрылармын »**, - деген кекесіні арқылы қоғамдағы қауіпті, әйел тағдырының қиындығын ашық жаза білген. Әңгімедегі:

« - Бәйбіше мен тоқалға кезек шапқылаймын деп «Ленин» машинесі де тозып болды, Тоққожаның өзі де жүдеп болды. Бұған демалыс беру жөні қалай болар екен?»^[4] - деген тілші қынжылысы арқылы , қоғамдағы ондай бассыздықпен жүгенсіздіктің алдын алып, шара қолдану керек екенін баса айтқандай. Екі автордың да айтқысы келгені сан ғасырлар әйелге зорлық – зомбылық жасамау керек деп біздің көзге көрінетін қысымға көп мән беретініміз, негізінде адамның рухани дүниесінде, жанында, таным – түсінігі мен санасында нағыз қауіп жатыр. Сол қауіптің өздері бейнелеген қоғамда қандай әсерде болғанын, одан нәзік жандылардың қалай жапа шеккенін авторлар қысқа да нұсқа, керемет жеткізе білген.

Келесі бір талқыланатын мәселе қоғамдағы әйелдердің білім алуы, ел ісіне, қоғамдық жұмыстар мен өзін белгілі бір салада көрсетіп, ерлермен тең дәрежеде еңбек етіп, қоғамдық ортадан елеулі орын алауы. Бұл мәселе туралы Б.Майлин өзінің «Қара сұр келін» мен «Келіннің кеңесі» әңгімелеріне арқау етеді.

«Қара сұр келін» әңгімесінде Манарбек есімді жігіт жаңа орнаған Кеңес қоғамына енді – енді етене араласып, білім – ғылымға ұмтылып, қоғамда өз орнын тауып, жетістікке жетуге талпынады. Бірақ , бұл жолда сүйіп қосылған жары оны кері тартады. Білімнен ат тонын ала қашып, ескілік шеңберінен шыға алмай жолдасына сенімді серік, ақылшы, сырлас, керек кезінде көмек пен қолдау көрсете алмаған әйел надандығы отбасындағы алауыздыққа алып келетінін көрсетеді. Манарбек әйелінен түңіліп, былай дейді: **«Жақын арада саяси сабаққа керекті бір кітапты үйге апарып, ертеңіне «оқиын» десем, кітабым жоқ, «қайда ?» деп сұрасам «балалар жыртып тастаған білем» дейді, бұған не дерсің ? Өзіңіз ойлаңызшы: осы сияқты қылыққа адам төзер ме? Осының осындай мінезінен мен көбіне үйден безем. Жолдасың жақсы болып, сенің айтқаныңа түсініп, сенімен бірге білімге ұмтылып отырса не арман бар ?»**^[4]

Манарбектің сөзінен «Отбасы» деген жылы ұяны ұстап тұру үшін ер мен әйелді тек сезім ғана емес, ортақ: білім, арман – тілек, рухани жақындық, бір – біріне деген уйлесімнің маңызын түсінесің.

Француз әдебиетіндегі, әсіресе, Мопассон жасаған нәзік жанды образдар Бейімбет қозғаған мәселені ерте түсініп, олар одан да жоғары жетістікке жетуді, өздерін дамыту, қоғамнан орнын алу, өзі жеткен жетістігімен баршаға ортақ қоғамның дамуына үлес қосатынын түсінген. Жазушының «Сүйкімді дос» романындағы Мадлена Форестте сондай арудың бірі. Ол өз білімі мен тәжірибесінің арқасында, өзінен алде қайда нашар күйеуін биік шыңға, мол жетістікке жеткізеді. Өзі сол күйеуінің қасында шалқып , молшылық пен құрметке бөленіп өмір сүреді. Бірақ әйел қиялының, таным – түйсігінің күн санап өсуі , оны адам біліп, сезіп көрмеген шексіздік пен еркіндікке ұмтыларады. Ол оны өз сөзімен де дәлелдейді:

«Үйлену деген мен үшін шынжыр емес, ортақтастық. Демек менің іс-әрекеттеріме толық еркіндік беріледі, яғни өз іс-әрекеттерім жайында есеп беруге міндетті болмаймын, қайда баратынымды айтуға міндетті емеспін. Мен артымнан қадағалағанға да, қызғанғанға да, ақыл айтқанға да төзбеймін. Айтпаса да түсінікті, мен күйеуге шыққан адамымның абыройын еш нәрсемен төкпеуді, оны жалған немесе күлкілі жағдайда қалдырмауды өз міндетіме аламын. Бірақ ол да менен күннің немесе момын, бағынышты әйел емес, өзіне одақтас, бар жағынан өзіне тең адамды көрсін. Мен білем, көп адамға менің көзқарасым тым батыл сияктанып көрінеді, бірақ мен одан бас тартпаймын. Бар болғаны осы.»^[3]

Кез – келген нәрсенің шегі мен шекарасы болады. Мадленаның ойы кейбірі дұрыс болса , енді бірі қате екенін оның одан кейінгі өмірі дәлелдейді. Мадленаның осы сөздерінің

дұрыс жағына жақтас, оны іс – әрекетімен заманында көрсете білген кейіпкерлер Б.Майлинде де толып жатыр. Солардың бірі «Келіннің кеңесі» әңгімесіндегі Күлшара. Күлшара -аздап болса да оқыған, ауылдастарына сыйлы, өз сөзін жұртқа тыңдатып, айтқанын орындата білетін, әрқашан ізденіп оқуға құштар, жауапкершілікті түсініп, оны мойнына ала алатын қарапайым қазақ әйелі. Ол келешекті көре білетін көрегендігімен өз ауылын қауіптен сақтап , жоқ басшының орнына басшы бола біліп, кеудесін кермей, қиындықтан бәрін алып шығыды, шынайы құрметке ие болады. Күйеуі Медесін де әйелін мақтан етеді және оның әр жеңісін, жетістігін өзінікіндей қабылдайды. Автор осындай түсіністік пен қолдау бар жерде әйел бағының жанып , онымен бірге айналасындағы жақындарының да мейірі үстем болатынын дәлелдей түседі.

Әдебиетімізде XIX аяғы мен XX ғасырда күн тәртібі мен газет беттерінен түспеген әйел теңдігі Б.Майлин шығармаларындағы кеңінен орын алған тақырып. Кеңес өкіметіне дейін де, тіпті, кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында да қазақ мұсылман әйелдерінің өз сүйгеніне бара алмай, еркінен тыс дүниеге сатылып кете беретін жағдайлары кеңінен орын алғаны белгілі. Он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздар елуден, тіпті, алпыстан асқан ересек еркектерге тоқалдыққа барып жатты. Бармасына болмады. Көнбесіне амалы жоқ-ты. Міне, осы тақырып – Б.Майлин дүниелерінен берік орын алып, көркем тілмен жан-жақты көрсетілді. Бұл тақырыпты Б.Майлиндей жазған жазушы жоқ шығар?! Ол бұл тақырыпты проза мен поэзияда да қатар жазып халық танымына түсіндіре білді. Оның атақты шығармасы «Шұғаның белгісінен» тартып «Шал мен қыз», «Шоңмұрынның қыздары», «Мәлике», «Зәйкүл», «Ажар», «Айшаның қайраты», «Серттескендер», «Зәуре қыздың некесі», «Қыздың зары», «Керілген кербез сұлу қыз» т.б. көптеген шығармалары осы тақырыпты толғаған. Мопассан өзінің «Өмір» атты романында әйелдің жан ауруын жеткізеді. Қыз баланың жас кезінде арманшыл, қиялшыл болатыны белгілі. Нәзік қыздың аялы алақан мен сүйіспеншілікті аңсап, болашақта тек соны үміт ететіні кейіпкер Жаннаның ой ағынынан аңғарылады:

«Ол енді махаббат жайлы қиялдады. Махаббат! Екі жылдан бері бірте-бірте баурап алып жатқан сүйіспеншілік сезімінен үркіп-үрейленіп келген-ді. Енді мұның да сүюге қақысы бар, жолына ешкім көлденең тұра алмайды. Тек тезірек жолықса екен сол бір айдай жарқыраған алтын жігіт! Әлгі көзге көрінбейтін мың періштенің мыңы бірдей жабыла қол көтеріп қолқалайтын қалаулы жары осы ма? Құдіреттің бұйрығымен бұған өзі келіп тап болды ма? Бұл үшін жаратылған адам, бар өмірін бір соның жолына бағыштар адамы осы болып шыққаны ма?»

Осылай қиялдап, жаңа өмірге бет алған Жанна өмірдің бүкіл былғанышы мен сүреңсіздігін, сатқындығын өз басынан өткереді, ол сүйіспеншілік дейтін қасиетті сезімді аңсағанымен, ә дегеннен – ақ оның айуанға тән дөрекі түрінің дәмін татады, алғашқы күннен бастап бір дөрекілікке тағы дөрекілік қосылып, оның өмірі дөрекілікке төзудің үлгісі тәрізді көрінеді. Жанна қаншама қиындық көріп, қаншама алдау мен қорлауға ұшыраса да, өзінің жан тазалығын сақтап қалады.^[3] Мұнда Жанна басында сүйіп қосылған, өзіне тең адамнан қорлық көрсе, Майлиннің кейіпкерлерінде тіптен аянышты. Жазушының «Зәуре қыздың некесі» әңгімесінде 60 - ғы шал мен 16- ғы қыздең некелесуі, қыз жанының қайғысы мен шалдың қорлық көрсетуі былай суреттеледі:

«Шалдың қыңқылын, Зәуретің жылаған сұңқылын естіп, сыртта жүріп Бақтыбай қойшы өлең айтады. Бақтыбай Зәурені аяйды!... »[2]

Шынымен біз қоғамдағы осындай жағдайдағы әйел затын аяп қана қоймай, оларға қорған боларлық, мұндай жағдайға апармайтын әділ қоғам қалыптастыра білуіміз керек. Екі жазушыны қатар оқи отырып қоғамдағы әйел ролінің ерекшелігі мен оның қадір – қасиетін, бас бостандығы мен ерік – жігерін қастерлей білудің қаншалықты маңызды екенін түсінесің. Жалпы қоғамда әйелдің «бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесікті тербетуі» заңды құбылыс екенін, оны бұзғысы , өзгерткісі келгендердің жеңіліс табатынын дәлдей түседі. Әр бір ұлттың өсіп-өнуі ұлттық сана мен тектілікке байланысты. Ол үшін әр қайсымыз ұл-қыздарымызды аялай білген абзал. Қазақ қызының тәрбиесі мен әйел теңдігі

Алаш зиялыларының еңбектерінен орын тапқаны ақиқат. Халқымыздың «Құлдан құл туады, күннен күн туады» деген дана сөзі бар. Сол даналықтытан таймайық!!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Гендер проблематикасы: кешегісі мен бүгінгісі». Қ.Жұбанов атындағы АМУның магистранты А.С.Абдикаликова, пс.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы доценті А.С.Мамбеталина
2. Ел сыры: Повестер, әңгімелер, өлеңдер, фельетондар – Алматы: Жазушы, 1994. 352 бет. 11-12 беттер
3. Мопассан Ги Де. Томпыш. Өмір. Сүйкімді дос. Астана: Аударма, 2006. – 544 бет.
4. Б. Майлин. Тұңғыш құрбан – Алматы: Рауан, 1994. – 254 бет.

ӘОЖ 37.011

АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕ СИМВОЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кеңесова Ақбота Беймбетқызы

akbota_22.95@mail.ru

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті, Орал, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Г.Г. Тұрғаналиева

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркем символдарды арнайы зерттеу барысындағы ізденістердің бастауы тағы да Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» табылады. «Сөз өнерінің ғылымы» атты бірінші бөлімде ғалым «сөз талғаудың шарттарын» атап-атап көрсетіп, поэтикалық әдіс-құралдарды 1) көріктеу; 2) меңзеу; 3) әсерлеу» деп жіктеп бергені белгілі [1.25].

Символ-әдебиетте ойды астарлап, басқа да нәрсені суреттеу арқылы жасалынатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпы халықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жәй баламасы ретінде алу арқылы жасалынады [2.17].

Мысалы, гүл - жастықтың символы, ал көгершін бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан Символ тұспалдауға (аллегорияға) өте жақын келеді. Түлкі бейнесі арқылы қулықты, қу адамды, қоян бейнесі арқылы қорқақтықты, қорқақ адамды тұспалдап айтуға болады. Бірақ түлкінің не қоянның бейнесі тұспалдау тәсілімен жасалса, онда шарттылық басым болады, олар адамға тән іс-әрекет жасап, адамша сөйлеп кетеді. Ал әдебиеттегі, поэзиядағы символ көбінесе келістіріліп жасалған, астарлық мағынасы терең, бүтін бір сурет-бейне қалпында көрінеді.

Символ ұғымын нақтылап, анықтама беру нәтижелерінде, атау беруде де бірізділік сақталмай, «бернелеу» (А. Байтұрсынов), «бейнелеу» (Қ. Жұмалиев) [2.19], «астарлау» (З. Қабдолов) [1.38], «балама бейне» (З. Ахметов) [3.24] деген түрлі терминдер туындаған. Сондай-ақ, әдебиеттанушы Б. Майтанов көркем символды «рәміз» деп те атап жүр.

Ақұштап өлеңдерінде «*рух*» символы үш кезеңге бөліп көрсетіледі.

Біріншіден – шыдамды жүрген **қазақ қызы** кейпіндегі **төзімді рух**. Бұл ретте ақын қазақ қызының тәрбиелілігін, өлімнен де ұятты бірінші қоятынын суреттей келіп, ата-ананың ала-жібін аттамаған, «қырық үйден тыйылған» қазақ қызының символын жасаған. Қазақ даласында жүрген қазақ әйелінің үйге де, түзге де төзімділігін сипаттайды. Кей өлеңдерінде өз бейнесін келтіріп, ақын әйелдің тағдырын көрсетеді. Міне, «төзімді рухтың киесі» бүкіл **қазақ қызы** болып шыға келеді. Мысалы,

Әйел ол – тіршіліктің бәйтерегі,

Лайықты балғын жырдың қай теңеуі?

Япырмау, Адам ата ұрпақтары